

1997 жылғы 19 маусымдағы N 3556 өкімін орындау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 26 маусымдағы N 200

"Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары мен гранттарын тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 19 маусымдағы N 3556 N973556_ өкімінің 3-тармағын орындау үшін:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігіне 1997 жылдың республикалық бюджетінде әлеуметтік мәні бар әдебиеттерді шығаруға көзделген қаражат шегінде Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары мен гранттарын (стипендияларын) төлеу және ескерткіш белгілер, сыйлық лауреаттарының дипломдары мен гранттардың бөлінуі туралы куәліктерді әзірлеу үшін 1430 (бір миллион төрт жүз отыз) мың теңге бөлсін.

2. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары мен гранттарын беру жөніндегі арнаулы қоғамдық комиссияның шешіміне сәйкес 380 (үш жүз сексен) мың теңге мөлшерінде (әрқайсысы) екі сыйлық және 300 (үш жүз) мың теңге мөлшерінде (әрқайсысы) екі грант (стипендияларын) төлеуді жүргізсін.

Премьер-Министр